ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Бұзбай бақылау

МАГНИТТІ-ҰНТАҚТЫ БАҚЫЛАУ

2-бөлім

Дефектоскопияға арналған материалдар

Контроль неразрушающий

МАГНИТОПОРОШКОВЫЙ КОНТРОЛЬ

Часть 2

Материалы для дефектоскопии

ҚР СТ ISO 9934-2-2017

(ISO 9934-2:2015 Non-destructive testing – Magnetic particle testing – Part 2: Detection media, IDT)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Бұзбай бақылау

МАГНИТТІ-ҰНТАҚТЫ БАҚЫЛАУ

2-бөлім

Дефектоскопияға арналған материалдар

ҚР СТ ISO 9934-2-2017

(ISO 9934-2:2015 Non-destructive testing – Magnetic particle testing – Part 2: Detection media, IDT)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 «Стройинжиниринг Астана» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі **ДАЙЫНДАП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті Төрағасының 2017 жылғы 10 қарашадағы № 312-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт ISO 9934-2:2015 Non¬destructive testing - Magnetic particle testing - Part 2: Detection media (Бұзбай бақылау. Магнитті-ұнтақты бақылау. 2-бөлім: Дефектоскопияға арналған материалдар) халықаралық стандартымен бірдей.

ISO 9934-2 халықаралық стандартын Еуропалық стандарттау комитеті (ЕСК), CEN/TC 138 «Бұзбай бақылау» техникалық комитеті, ISO 135 «Бұзбай бақылау» техникалық комитетінің SC 2 «Беттік тәсілдер» шағын комитетімен бірлесіп, ISO және CEN арасындағы Техникалық ынтымақтастық туралы келісімге (Вена келісімі) сәйкес дайындады.

Ағылшын тілінен аударылған (en).

Негізінде осы стандарт дайындалған (әзірленген) және сілтемелер берілген нормативтік құжаттардың ресми даналары Нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қорында бар.

Стандарттардың сілтемелік халықаралық стандарттарға сәйкестігі туралы мәліметтер қосалқы В.А қосымшасында келтірілген. «Нормативтік сілтемелер» бөлімінде және стандарт мәтінінде сілтемелік халықаралық стандарттар өзектендірілген.

Сәйкестік дәрежесі - бірдей (IDT).

4 Осы стандартта Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы № 603-II «Техникалық реттеу туралы» Заңының, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 188-V «Азаматтық қорғау туралы» Заңының, Кеден Одағы комиссиясының 2011 жылғы 18 қазандағы № 823 шешімімен бекітілген «Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» КО ТР 010/2011, Еуразия экономикалық комиссиясы кеңесінің 2013 жылғы 2 шілдедегі № 41 шешімімен бекітілген КО ТР 032/2013 «Артық қысыммен жұмыс істейтін жабдық қауіпсіздігі туралы» ережелері жүзеге асырылған.

5 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ **2024 жылы**
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ **5 жыл**

6 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандартқа енгізілген өзгерістер туралы ақпарат «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» ақпараттық сілтемесіне, ал өзгерістер және түзетулер мәтіні - «Ұлттық стандарттар» ай сайынғы ақпараттық сілтемелерінде жарияланады. Осы стандарт қайта қаралған (жойылған) немесе ауыстырылған жағдайда, тиісті ақпарат ай сайын басылып шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сілтемесінде жарияланады.

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе бөлшектеп басып шығаруға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Мазмұны

1 Қолданылу саласы 1
2 Нормативтік сілтемелер 1
3Терминдер мен анықтамалар 2
4 Қауіпсіздік шаралары 2
5 Классификация 2
6 Сынақ және сәйкестік сертификаты 2
7 Сынау талаптары және тәсілдері 3
8 Сынақтарға қойылатын талаптар 7
9 Бақылау нәтижелері жөніндегі есеп 8
10 Қаптама және таңбалау 8
А қосымшасы (*ақпараттық*) Тип және партия сынақтарының процедурасы, пайдаланушылық сынақтар 10
В қосымшасы (*ақпараттық*) Бақылау-сынау үлгілері 11
С қосымшасы (*ақпараттық*) Болаттың коррозиялық сынақтары 14
Библиография 17
В.А қосымшасы (*ақпараттық*) Стандарттардың сілтемелік халықаралық стандарттарға сәйкестігі туралы мәліметтер 18

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Бұзбай бақылау

МАГНИТТІ-ҰНТАҚТЫ БАҚЫЛАУ

2-бөлім

Дефектоскопияға арналған материалдар

Енгізілген күні 01-01-2019

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт магнитті-ұнтақты бақылау кезінде қолданылатын заттардың негізгі қасиеттерін (соның ішінде магнитті суспензиялар, ұнтақ, тасымалдағыш сұйық, көмекші контрасттық бояулар), сонымен қатар олардың қасиеттерін тексеру талаптарын белгілейді.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін мынадай сілтеме құжаттар қажет. Күні көрсетілген сілтемелер үшін сілтемелік құжаттың тек қана көрсетілген басылымы қолданылады, күні көрсетілмеген сілтемелер үшін сілтемелік құжаттың соңғы басылымы (оның барлық өзгерістерін қоса алғанда) қолданылады:

ISO 2160:1998 Petroleum products - Corrosiveness to copper - Copper strip test (Мұнай өнімдері. Мыс коррозиялылығы. Мыс пластинкаға коррозияның әсерін анықтау).

ISO 2591-1:1988 Test sieving - Part 1: Methods using test sieves of woven wire cloth and perforated metal plate (Екшеп талдау. 1-бөлім: Сым матадан және тесілген металл табақтардан жасалған бақылау елеуіштерін қолдану әдістері).

ISO 3059:2012 Non-destructive testing - Penetrant testing and magnetic particle testing - Viewing conditions (Бұзбай бақылау. Өтімді заттармен бақылау әдісі және магнитті-ұнтақты әдіс. Қарау параметрлері).

ISO 3104:1994 Petroleum products - Transparent and opaque liquids - Determination of kinematic viscosity and calculation of dynamic viscosity (Мұнй өнімдері. Мөлдір және мөлдір емес сұйықтықтар. Кинематикалық тұтқырлықты анықтау және динамикалық тұтқырлықты есептеу).

ISO 4316:1977 Surface active agents - Determination of pH of aqueous solutions - Potentiometric method (Беттік-белсенді заттар. Су ерітінділерінің pH анықтау. Потенциометриялық әдіс).

ISO 9934-1:2016 Non-destructive testing - Magnetic particle testing - Part 1: General rules (Бұзбай бақылау. Магнитті-ұнтақты бақылау. 1-бөлім: Жалпы ережелер).

ISO 9934-3:2015 Non-destructive testing - Magnetic particle testing - Part 3: Equipment (Бұзбай бақылау. Магнитті-ұнтақты бақылау. 3-бөлім. Жабдық).

EN 1330-2:1998 Non-destructive testing - Terminology - Part 2: Terms common to the non-destructive testing methods (Бұзбай бақылау. Терминология. 2-бөлім: Бұзбай бақылаудың барлық әдістерінде қолданылатын терминдер).

EN 1330-2:1998 Non-destructive testing - Terminology - Part 7: Terms used in magnetic particle testing (Бұзбай бақылау. Терминология - 7-бөлім: Магнитті-ұнтақты бақылау кезінде қолданылатын терминдер).

EN 10083-2:2006 Quenched and tempered steels - Part 2: Technical delivery conditions

for non-alloy steels (Шыңдауға және жұмсартуға арналған болаттар). 2-бөлім: Қоспасыз болатты жеткізудің техникалық шарттары).

EN 10204:2004 Metallic products - Types of inspection documents (Металлды бұйымдар. Қабылдау бақылауына арналған құжаттар типтері) халықаралық стандартымен бірдей).

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта EN 1330-1, EN 1330-2, EN-1330-7, ISO 12707 бойынша терминдер, сонымен қатар тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылады:

3.1 Партия (batch): Бірдей жалпы сипаттамалары және бір сәйкестендіру нөмірі немесе таңбалауы бар, бір өндіріс операциясы кезінде өндірілген материалдың саны.

4 Қауіпсіздік шаралары

Магнитті-ұнтақты бақылау кезінде пайдаланылатын материалдарға, сонымен қатар тестілеу кезінде қолданылатын материалдарға денсаулыққа қауіпті, тұтанғыш және/немесе жеңіл буланатын химикаттар жатады. Барлық сақтық шаралары сақталуы тиіс. Денсаулық сақтау, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау және т.б. қатысты әрекеттегі заңнаманың талаптары сақталуы тиіс.

5 Классификация

5.1 Жалпы ережелер

Осы стандартта көрсетілген магнитті-ұнтақты бақылау үшін қолданылатын материалдар 5.2 және 5.3 сәйкес топтастырылады.

5.2 Магнитті суспензия

Магнитті суспензиялар араластырудан біркелкі суспензияға айналатын тиісті дисперсиялық ортада түрлі-түсті немесе флуоресцентті майда дисперсті бөлшектерден тұруы тиіс.

Магнитті суспензиялар концентрат түрінде (соның ішінде пасталар және ұнтақтар) жеткізілетін заттардан дайындалуы немесе пайдалануға дайын түрінде жеткізілуі тиіс.

5.3 Ұнтақтар

Құрғақ ұнтақтар ферромагнитті ұнтақтың майда дисперсті түрлі-түсті немесе люминесцентті бөлшектерден тұруы тиіс.

6 Сынақ және сәйкестік сертификаты

6.1 Тип және партия сынақтары

Магнитті бөлшектер материалдарының тип және партия сынақтары осы стандарттың, сонымен қатар ISO 9934-1 және ISO 9934-3 талаптарына сәйкес орындалады.

Тип сынақтары заттың мақсатты қолдану үшін жарамдылығын анықтау мақсатында өткізіледі. Партия сынақтары белгіленген зат типіне партия сипаттамаларының сәйкестігін анықтау мақсатында өткізіледі.

Жеткізуші осы стандартқа сәйкестігін растайтын және қолданылған тәсілдердің сипаттамасы бар сәйкестік сертификатын ұсыныуы тиіс. Осы сертификатта алынған нәтижелер және өлшеу қателіктері бар болуы тиіс.

Дефектоскопияға арналған материалдарының құрамына қандай да бір өзгертулер енгізілген болса, тип сынағы қайта өткізілуі тиіс.

6.2 Пайдаланушылық сынақтар

Пайдаланушылық сынақтар үздіксіз жұмыс жағдайларын қамтамасыз ету мақсатпен дефектоскопияға арналған материалдардың сипаттамаларын анықтау мақсатында өткізіледі.

7 Сынау талаптары және тәсілдері

7.1 Жұмыстарды орындау

7.1.1 Тип және партия сынақтары

Тип және партия сынақтары В қосымшасында суреттелген № 1 және/немесе № 2 бақылау үлгілерін қолдану арқылы А қосымшасына сәйкес орындалуы тиіс.

7.1.2 Пайдаланушылық сынақтар

Пайдаланушылық сынақтар В қосымшасында суреттелген № 1 және/немесе № 2 бақылау үлгілерінің біреуін қолдану немесе әдетте өңдеуден өтетін жабдық бөлшектерінде баламалы ақаулы аумағы бар сынақ үлгісі арқылы А қосымшасына сәйкес орындалуы тиіс.

7.1.3 Көмекші контрасттық бояулар

Тип және партия сынақтары 7.1.1 сәйкес өндіруші нұсқаулығына және бекітілген тип сынақтары процедураларына сәйкес бояуды жалатудан және магнитті суспензиядан өткізілуі тиіс.

7.2 Түс

Пайдалану жағдайындағы дефектоскопияға арналған материалдардың түсі өндірушімен белгіленуі тиіс.

Сынақтар кезінде материалдар партиясынан алынған үлгі түсі визуалды түрде типтік үлгі түсінен өзгеше болмауы тиіс.

7.3 Бөлшектер өлшемі

7.3.1 Тәсіл

Бөлшектер өлшемін анықтау тәсілі түйірөлшемділік құрам диапазонына байланысты. Магнитті суспензияның түйірөлшемділік құрамы Коултер [1] әдісін немесе басқа баламалы әдісті қолдану арқылы анықталады.

7.3.2 Бөлшектердің өлшемін анықтау

Бөлшектер өлшемдерінің диапазоны:

— минималды диаметр, dI: бөлшектердің 10 % dI кем болмауы тиіс:

— орташа диаметр, da: бөлшектердің 50 % артық және 50 % da көлемінен кем болуы тиіс;

— максималды диаметр, du: бөлшектердің 10 % du кем болмауы тиіс.

di, da, және du мәндері көрсетілуі тиіс.

Құрғақ ұнтақтар үшін $dl \geq 40$ мкм тең немесе одан жоғары.

7.4 Жылуға төзімділік

Жеткізушімен белгіленген зат қасиеттері максималды температура кезінде бес минуттық жылытудан кейін нашарламауы тиіс. Осы жағдайда 7.1.1 көрсетілгендей бақылау тиімділігінің қайта тексеруін өткізу қажет.

7.5 Флуоресценция коэффициенті және флуоресценция тұрақтылығы

Осы сынақтарды өткізу үшін бөлшектердің құрғақ ұнтақ қолдану қажет.

7.5.1 Тип сынақтары

7.5.1.1 Тәсіл

Флуоресценция коэффициенті ß, кд/Вт, мынадай формула арқылы есептеледі (1):

$$\beta = L/Ee, \quad (1)$$

мұндағы L - ұнтақтың жазық бетіндегі жарықтық, кд/м2;

Ее - ұнтақ бетіне УФ-сәулеленудің деңгейі, Вт/м2.

Жабдық схемасы 1-суретте көрсетілген.

Ұнтақ беті (45° ± 5°) бұрышпен А типті ультракүлгін сәулелену (бұдан әрі – УФ-А) арқылы біркелкі жарықтануы тиіс. Жарықтық ± 10 % немесе одан да кем қателікпен тиісті құрал арқылы өлшенуі тиіс. Жарықтықты бақыланатын учаскелерден шығатын облыстарды қоспағанда ұнтақ бетінен өлшеу қажет. Жарықтық деңгейі ISO 3059 талаптарына сәйкес ұнтақ бетін алмасытартын ультракүлгін датчигі бар құрылғымен өлшенуі тиіс.

Ұсынылған схемада ұнтақтың орналасу жазықтығынан 80 мм жоғары орналасқан және 40 мм диаметрінен артық, диапазоны 200 кд/м2 және шолу бұрышы α=20° құрайтын жарық өлшеу аспабы қолданылады. УФ-А шамдары ұнтақ бетінің Ее-мен 10 Вт/м2-ден 15 Вт/м2-ге дейін біркелкі сәулеленуді беретіндей орналастырылады.

7.5.1.2 Талаптар

Флуоресцентті коэффициенттің (ß) мәні 1,5 кд/Вт-тан артық болуы тиіс.

7.5.1.3 Флуоресценция тұрақтылығы

Үлгі 7.5.1.1-де суреттелген тәсілге сәйкес алдын ала сынақталған болуы тиіс.

Ең аз дегенде 20 Вт/м2 сәулелену кездегі 30 минуттық УФ-А сәулелендіру әсерінен кейін үлгі 7.5.1.1-де суреттелгендей сәулеленуден және қайта сәлеленуі тиіс. Флуоресценция коэффициентінің мәні 5%-дан кем түспеуі тиіс.

7.5.2 Партия сынақтары

Партия сынақтары 7.5.1.1-ге сәйкес өткізілуі тиіс. Флуоресценция коэффициентінің мәні тип сынағы кезінде есептелген мәннен 10%-дан артық ерекшеленбеуі тиіс.



1 - жарықтық өлшегіш, 2 - шам, 3 - А типті ультракүлгін сәулелену,
4 - ультракүлгін сәулеленгендікті өлшеу нүктесі, 5 - ұнтақ беті

1-сурет - магнитті ұнтақ үшін ß флуоресценция коэффициентін анықтау

7.6 Флуоресценция тұрақтылығы

Дисперсиялық ортаның флуоресценциясы кем дегенде 10 Вт/м2 УФ-А жарықтандыру кезінде хаинин сульфаты ерітіндісімен визуалды салыстыру арқылы тексерілеуі тиіс.

Хинин сульфаты ерітіндісінің концентрациясы 7 х 10-9 М в 0.1 N H2SO4 тең болуы тиіс.

Сыналатын дисперсиялық орта флуоресценцияны хинин сульфаты ерітіндісінен артық айқындаумауы тиіс.

7.7 Тұтану температурасы

Су негізінде емес магнитті суспензиялар үшін дисперсиялық ортаның тұтану температурасы (ашық тигель тәсілі) анықталуы тиіс.

7.8 Дефектоскопияға арналған материалдармен туындатылған коррозия

7.8.1 Болаттың коррозиялық сынақтары

Болатқа әсер ететін коррозияны анықтау мақсатында С қосымшасына сәйкес сынақ өткізілуі және расталуы тиіс.

7.8.2 Мыстың коррозиялық сынақтары

Мысқа әсер ететін коррозияны анықтау мақсатында сынақ өткізілуі тиіс. ISO 2160 талаптары мұнайдан алынған барлық заттар үшін қолданылуы мүмкін.

7.9 Дисперсиялық ортаның тұтқырлығы

Тұтқырлық сынақтары ISO 3104 талаптарына сәйкес өткізілуі тиіс.

Динамикалық тұтқырлық мәні (20 ± 2) °С кезінде 5 мПа-дан аспауы тиіс.

7.10 Механикалық беріктік

7.10.1 Ұзақ мерзімді сынақтар (қажу беріктігіне сынау)

Өндіруші дефектоскопияға арналған материалдардың қасиеттері 120 сағат ішінде магнитті-ұнтақты бақылаудың стандартты қондырғысында қолдану кезінде өзгермейтіндігін растау қажет.

Жоғарыда көрсетілген дефектоскопияға арналған магнитті-ұнтақты қондырғысында немесе баламалы құрылымды жабдықты қолдану арқылы расталуы мүмкін. Мынадай схема ұсынылған:

Дефектоскопияға арналған 40-литрлі материал үлгісі ортадан тепкіш сорғысы бар коррозияға төзімді резервуарға орналастырылуы тиіс. Дефектоскопияға арналған материал циркуляциялауы, ағын клапаны арқылы тоқтатылуы тиіс.

Техникалық деректері:

- сорғы типі - EN 12157 T 160-270-1 [2];
- кері ағын диаметрі - шартты түрде 25 мм тесік;
- цикл уақыты
- ашық клапан 5 с;
- жабық клапан 5 с;

Дефектоскопияға арналған материалдар қолдану алдында және кейін 120 сағат

ішінде бақылау үлгісі көмегімен сынақтан өткізілуі тиіс (7.10.1 қараңыз).

Көрсеткіштердің кез келген көрінетін сапа өзгерістері ажыратуға негіз болып табылады.

7.10.2 Қысқа мерзімді сынақтар

7.10.2.1 Жабдық

2-суретте көрсетілген араластыруға арналған құрылғы қолданылуы тиіс.

1) Қалақтардың араластыру жылдамдығы: (3000-300) айн/мин.

2) Араластыруға арналған ыдыс: сыйымдылығы 2 л.

3) В қосымшасында көрсетілген № 1 және № 2 типті бақылаусымшасында 4) ISO 3059 талаптарына сәйкес 10 Вт/м2 қарқындылықпен А типті ультракүлгін сәулелену көзі.

7.10.2.2 Процедура

1 л үлгіні 2 сағат ішінде араластыру қажет. № 1 және № 2 бақылау үлгілеріндегі араластырылған және бақылау сынама көмегімен индикацияны салыстыру.

7.10.2.3 Талаптар

Көрсеткіштердің кез келген көрінетін сапа өзгерістері ажыратуға негіз болып табылады.

7.11 Көбіктену

Көбіктені дәрежесі 7.10.1 немесе 7.10.2 сәйкес механикалық беріктікке сынақты өткізу арқылы тексеріледі. Шамадан тыс көбіктену ажыратуға негіз болып табылады.

7.12 pH шамасы

Дисперсиялық ортаның pH көрсеткіші ISO 4316 сәйкес анықталуы тиіс. Параметр мәні ұсынылуы тиіс.

Өлшемдер миллиметрде



1 - қозғалтқыш білігі, 2 - муфта, 3 - электрқозғалтқыштың тіреу тақтасы:, 4 - түптен 10 мм-дей жерде тірек сақинасын орнату үшін, 5 - статорлық пластиналардың бекіткіші, 6 – тозаңдату тақтасы, 7 - ISO 3819 - HF 2000 [3] бойынша стақан, 8 - қалындығы 2 мм құрайтын статорлық пластиналардың төрт тақтасы. Тірек биіктігі - 170 мм, 9 - ось, 10 - тірек (реттемелі); 11 - бағыттаушы сақина, 12 - тайғанамайтын аралық қабат, 13 - негіз, 14 - қалақ

Саңылулар өлшемі:
Sh = 2 ± 0.5,
S1,...,S4 = 2 ± 0.5,
(s1 + S3) / 2 = 2 ± 0.2,
(S2 + S4) / 2 = 2 ±0.2.

Ескертпелер
1 Шектер қалақшаның 4 қалпында қарастырылады.
2 Коррозияға қарсы ферромагнитсіз материалдан жасалған.

2-сурет - Араластыруға арналған құрылғының құрылымы (7.10.2.1)

7.13 Сақтау мерзімі

Сақтау мерзімі өндірушімен көрсетілуі және әрбір контейнерде белгіленуі тиіс.

7.14 Құрғақ қалдық

Жеткізуші г/л-де магнитті суспензиялардағы магнитті бөлшектердің ұсынылған мөлшерін көрсетуі тиіс.

7.15 Күкірт пен галогендер мөлшері

Құрамында күкірт пен галогендердің аз мөлшері бар заттар үшін, галогендер мөлшері күкірт/галогендер саны 200 мг/л (200 миллиондық үлес) тең ± 10 мг/л (10 миллиондық үлес) қателікпен кез келген жарамды тәсіл арқылы анықталуы тиіс:

- күкірт мөлшері 200 мг/л (200 миллиондық үлес) кем болуы тиіс:
- галогендердің мөлшері 200 мг/л (200 миллиондық үлес) (галогендер хлор және фтор қосындысы түрінде қарастырылады) кем болуы тиіс.

8 Сынақтарға қойылатын талаптар

Сынақтар 1-кесте талаптарына сәйкес өткізілуі тиіс.

Жеткізуіші және өндіруші тип (Q) және партия (B) сынақтары үшін жауапты. Пайдаланушы пайдаланушылық сынақтар (P) үшін жауапты.

1-кесте - Сынақтарға қойылатын талаптар

Қасиеттер	Көмекші – контраст-тық бояулар	Дефектоскопияға арналған құрғақ материалд	Органикалық тасымалдағыш сұйық	Қолданылу-ға дайын су суспензиясы	Қолданылу-ға дайын органикалық суспензия	Тәсіл	
						тарау	стандарт/ ескертулер
Жұмыстарды орындау	Q/B	Q/B/P		Q/B/P	Q/B/P	7.1	
Түс	Q/B/P	Q/B/P	Q	Q/B/P	Q/B/P	7.2	салыстыру арқылы
Бөлшектердің өлшемі		Q/B		Q/B	Q/B	7.3	

1-кестесінің жалғасы

Қасиеттер	Көмекші – контраст-тық бояулар	Дефектоскопияға арналған құрғақ материалд	Органикалық тасымалдағыш сұйық	Қолданылу-ға дайын су суспензиясы	Қолданылу-ға дайын органикалық суспензия	Тәсіл	
						тарау	стандарт/ ескертулер
Жылуға төзімділік	Q	Q	Q	Q	Q	7.4	
Флуоресценция коэффициенті.		Q/B		Q/B	Q/B	7.5	
Флуоресценция тұрақтылығы.		Q		Q	Q	7.5.1.3	
Тұтану температурасы	Q/B		Q/B		Q/B	7.7	
Тасымалдағыш сұйықтың флуоресценциясы			Q/B	Q/B		7.6	салыстыру арқылы
Болаттағы коррозия				Q		7.8.1	
Мыстағы коррозия				Q	Q	7.8.2	ISO 2160
Тұтқырлық Механикалық беріктік :			Q	Q/B	Q/B	7.9	ISO 3104
Ұзақ мерзімді сынақтар				Q	Q	7.10.1	
Қысқа мерзімді сынақтар				Q/B	Q/B	7.10.2	
Көбіктену			Q	Q/B	Q/B	7.11	
pH (су материалдары)				Q		7.12	ISO 4316
Сақтау мерзімі	Q	Q/B	Q/B	Q/B	Q/B	7.13	
Күкірт пен галогендер мөлшері	B		B	B	B	7.15	Күкірт пен галогендердің аз мөлшері бар заттар ғана үшін
Ескертпе - Q - тип сынақтары, B - партия сынақтары, P - пайдаланушылық сынақтар							

9 Бақылау нәтижелері бойынша есеп

Тапсырысты рәсімдеу кезеңінде дефектоскопияға арналған материалдардың өндірушісі немесе жеткізушісі EN 10204 сәйкес 1-кестеде көрсетілген сынақтардың барлық нәтижелері келтірілген сәйкестік сертификатын ұсынуы тиіс.

10 Қаптама және таңбалау

Қаптама және таңбалау Қазақстан Республикасының әрекеттегі заңнама талаптарына сай болуы тиіс. Конейнерлер оларда сақталып жатқан дефектоскопияға арналған

материалдарға сәйкес болуы тиіс. Контейнерлерде мынадай ақпарат көрсетілуі тиіс:

— затты белгілеу;
— дефектоскопияға арналған материалдардың типі;
— партия нөмірі;
— жасалған күні;
— сақтау мерзімінің аяқталу күні.

А қосымшасы
(ақпараттық)

Тип және партия сынақтар процедурасы, пайдаланушылық сынақтар

А.1 Дефектоскопияға арналған материалдарды дайындау

Дефектоскопияға арналған материалдарды өндіруші ұсынымдарына сәйкес дайындау қажет.

А.2 Бақылау үлгілерін дайындау

Бақылау үлгілерін флуоресцентті материалдардан, оксидтерден, ластан және майдан, сонымен қатар ылғалдан тазарту үшін кез келген жарамды тәсілді қолдануға болады.

А. 3 Дефектоскопияға арналған материалдарды қолдану

Дефектоскопияға арналған материалдардың жарамдылығын анықтау үшін ISO 9934-1 талаптарына сәйкес В қосымшасында көрсетілген № 1 және № 2 типті бақылау үлгілерін қолдану қажет.

Тозаңдату: 3 с-тан 5 с-қа дейін.

Үлгінің көлбеулену бұрышы: (45 ± 10)° (В.2-суретін қараңыз)

Тозаңдату бағыты: сыналатын бетке қарай (90 ± 10)°.

А. 4 Бақылау және мағынасын ашу

А. 4.1 Бақылау

Зерттелетін үлгілерді бақылау ISO 3059 талаптарына сәйкес өткізіледі.

А. 4.2 Мағынасын ашу

А. 4.2.1 Тип сынақтары

Сынақтар үш рет өткізіледі және нәтижелердің орташа мәндері қолданылады. Көрсеткіштер визуалды немесе баламалы өлшеу тәсілдері арқылы бағаланады.

А. 4.2.1.1 № 1 типті бақылау үлгілері

Материал үлгісінің сынағын № 1 типті үлгісін қолдану арқылы өткізу қажет, нәтижелер таспа немесе басқа кез келген тәсіл арқылы белгіленеді.

А. 4.2.1.2 № 2 типті бақылау үлгілер

Көрсеткіштердің жиынтық ұзындығын тіркеу қажет.

А.4.2.2 Партия сынақтары

А.4.2.2.1 № 1 типті бақылау үлгілері

Параметрлерді тип сынақтарын өткізу кезінде алынған параметрлермен салыстыру қажет. Салыстыруды кез келген жарамды тәсіл арқылы өткізуге болады, мысалы, таспа немесе қалған жарамды үлгілер қолдану арқылы. Нәтижелер тіркелуі тиіс.

А.4.2.2.2 № 2 типті бақылау үлгілер

Көрсеткіштердің жиынтық ұзындығын тіркеу қажет.

А.4.2.3 Пайдаланушылық сынақтар

№ 1 немесе № 2 типті сынақ үлгілерін қолдану кезінде тиісті көрсеткіштерін белгілі нәтижелермен салыстыру қажет.

А.5 Көмекші контрасттық бояу

Көмекші контрасттық бояуларды сынау, көмекші контрасттық бояулар бақылау-сынау үлгілерін тазартудан кейін өндірушілер нұсқауларына сәйкес қолданылатын жағдайдан басқа, А.1 - А.4.2.1 сәйкес өткізілуі тиіс (А.2 қараңыз).

В қосымшасы
(*ақпараттық*)

Бақылау-сынау үлгілері

В.1 №1 типті бақылау үлгілері

В.1.1 Сипаттама

Бақылау үлгісі - В.1-суретте көрсетілгендей, беттегі табиғи жарықшалардың екі түрі бар диск. Үлгіде ажарландыру және кернеумен коррозия кезінде пайда болған ірілендірілген және ұсақ жарықшалар бар. Үлгіні тұрақты түрде тесіктен өтетін орталық өткізгіш арқылы магниттеу қажет. Дефектоскопияға арналған материалдар көрсеткіштерді визуалды түрде немесе салыстыру бойынша жарамды тәсіл қолдану арқылы бағаланады.

В.1.2 Жасау

Материалды дайындау: қолданылатын болат (90MnCrV8 маркасы), беті тегіс ажарлануы ((9,80 мм ± 0,05) мм), кейін беттің қаттылығын 63 HRC-ден (Роквелл тәсілімен) 70 HRC-ге (Роквелл тәсілімен) дейін жоғарлату үшін 2 сағат ішінде (860 ± 10)°С кезінде шыңдалуы және майда суытылуы тиіс.

Процесс: ажарландыру түйіршіктердің 46J7 өлшемімен бетке 0,05 мм берумен 35 м/с жылдамдық кезінде өткізіледі, индексі 2,0 мм. Қарайту 1,5 сағат ішінде 145°С-тан 150°С-қа дейін кезінде.

Магниттеу: магниттеу орталық өткізгіш және тұрақты тоқтың 1000 А (максималды мән) мәні көмегімен өткізіледі.

В.1.3 Тексеру

Бастапқы бағалау: Дефектоскопияға арналған флуоресцентті мтериалдарды қолдану және нәтижелерді тіркеу қажет.

Сәйкестендіру: кез келген бақылау үлгісі жеке түрде сәйкестендірілуі тиіс. Бақылау үлгісімен бірге, оның осы стандартқа сәйкесігін растайтын сертификат ұсынылуы тиіс.

Размеры в миллиметрах



1 - ажарландырудан пайда болған жарықшалар, 2 - кернеумен коррозиядан пайда болған жарықшалар

В.1-сурет – № 1 типті стандартты бақылау үлгісі

В.2 № 2 типті бақылау үлгісі

В.2.1 Сипаттама

No. 2 типті бақылау үлгісі сыртқы магнит өрісінің индукциясын талап етпейтін тәуелсіз блок болып табылады. Үлгі В.2-суретте көрсетілгендей, екі болат біліктен және екі тұрақты магниттен тұрады. Үлгі «+ 4» белгісі 100 А/м-ге, ал «- 4» белгісі минус 100 А/м-ге сәйкес болатындай калибрленуі тиіс.

Көрсеткіштер ұзындығы (LG және LD) дефектоскопияға арналған материалдардың жұмыс параметрлерін анықтайды. Көрсеткіштер мәндері аяғынан басталып және ортаға қарай азаяды. Артып жатқан ұзындық жұмыс параметрлерінің жақсарып жатқаны туралы көрсетеді. Нәтижелер сол және оң жақ көрсеткіштерінің жиынтық ұзындығы болып табылады.



1 - тозаңдату бағыты; LG - сол жақ бағыттың ұзындығы;
LD - оң жақ бағыттың ұзындығы

В.2-сурет – № 2 типті бақылау үлгісі

В.2.2 Жасау

В.2.2.1 Білдекте EN 10083-2 сәйкес өлшемі 10 мм х 10 мм және ұзындығы (100,5 ± 0,5) мм құрайтын С15 маркалы екі квадрат пластинканы өңдеу қажет. Сонымен қатар магниттерді бекіту және қорғау үшін пластинка ұстағышы және магнитті емес материалдан жасалған екі қорғау ұштығы өңделуі тиіс (В.2-суретін қараңыз).

В.2.2.2 Әрбір пластинканың бір қырын шамамен 1,6 мкм және жазықтық < 5 мкм төмен Ra мәнін алғанға дейін ажарландырудан өткізу қажет.

Пластинка температурасы 50°С жоғары болмауы тиіс.

В. 2.2.3 Екі пластинканы магнитсіздендіру қажет.

В. 2.2.4 Екі пластинаның ажарланған беттері арасына қалындығы 15 мкм-ді құрайтын алюминий табағын орналастыру қажет, кейін құрылымды пластинка ұстағышына орналастыру керек.

В. 2.2.5 Пластинкалар жұмыстық күйде бекітіледі.

В.2.2.6 Магниттердің қорғау ұштықтарын орнату қажет.

В.2.2.7 Құрылымның үстінгі бетін шамамен 1,6 мкм-ге тең Ra мәнін алу үшін ажарландырудан өткізу қажет.

В.2.2.8 Магниттердің қорғау ұштықтарын шешу қажет.

В.2.2.9 Магниттерді схемада көрсетілгендей салу қажет (В.3-сурет). Қалыңдығы 0,2 мм құрайтын болат шунттар магнит өрісі мәндерін реттеу үшін қолданылады.



1 - шунт

В.3-сурет - Салынған магниттер схемасы

В.2.2.10 Магниттердің қорғау ұштықтарын орнату қажет.

В.2.2.11 Жоғарғы қыр В.4-суретте көрсетілгендей нақышталуы тиіс. Нақыштама саңылаудан 2 мм жақындықта орындалмауы тиіс.



1 – саңылау

В.4-сурет - №2 бақылау үлгісін нақыштау

В.2.3 Тексеру

В.2.3.1 Өрістің тангенциал құраушы кернеу мәнін қолдана отырып "+ 4" және "- 4" белгілеріндегі жалған ақауға перепендикуляр өріс өлшенеді.

В.2.3.2 Қабылдау критерийлері

Өріс мәні "- 4" белгіде: - (100 ± 10) А/м.

Өріс мәні "+ 4" белгіде: + (100 ± 10) А/м.

Егер көрсетілген мәндерге қол жеткізе алмаған жағдайда, процедура шунттар арқылы өріс мәнін реттеу бойынша В.2.2.9 тармағынан бастап қайта өткізілуі тиіс.

В.2.3.3 Сәйкестендіру

Әрбір № 2 типті бақылау үлгісінің жеке зауыттық нөмірі қарастырылуы тиіс.

Бақылау үлгісімен бірге, оның осы стандартқа сәйкесігін растайтын сертификат ұсынылуы тиіс.

С қосымшасы
(*ақпараттық*)

Болаттың коррозиялық сынақтары

С.1 Жалпы ережелер

Дефектоскопияға арналған материалдардың коррозиялық қасиеттері берілген жағдайларда бақылауды өткізу мақсатында сұйықпен алдын ала қаныққан түйірлерді қолдану арқылы сүзгіш қағазда қалған коррозиялық іздер бойынша анықталады.

Коррозия сынақтарынан кейін магнитті-ұнтақты заттардың өндірушісі түйір қасиеттері туралы есептеме ұсынуы тиіс. Сынақ нәтижелерінің жаңғыртылуын қамтамасыз ететін түйірлерді қолдану ұсынылған.

Өзара келісім бойынша пайдаланушы өндірушіге коррозия бойынша дефектоскопияға арналған материалдарды сынақтарда қолдану үшін арнайы түйірлерді жеткізуі мүмкін.

Кері жағдайда немесе келіспеушіліктер пайда болған жағдайда С.3-те сипатталғандай түйірлер қолданылуы мүмкін.

С.2 Жабдық

С.2.1 Петри табақшасы, шыны, 100 мм сыртқы диаметрімен.

С.2.2 мл бойынша бөліктері бар тамызғыш.

С.2.3 Диметрі 40 мм шайылмайтын қара сиямен шиырланған диамтері 90 мм домалақ сүзгіш қағаз.

С.2.4 ISO 2591-1 сәйкес тот баспайтын болаттан жасалған қалақша, елеуіш.

С.2.5 Өлшеу дәлдігі 0,1 г-ға дейін жететін таразы.

С.3 Реагентер және материалдар

С.3.1 Ацетон.

С.3.2 Ксилол.

С.3.3 Өлшемдері, әдеттегідей, 2,5 х 2,5 мм-ді құрайтын 2С40 болаттан (EN 10083-2 стндартына сайкес) жасалған түйірлер.

С.3.4 Өлшемдері, әдеттегідей, шамамен 2,5 х 2,5 мм-ді құрайтын құрғақ машиналық өңделумен (S артық 0,18%, P кем 0,12%), жалпы мақсатты қатпарлы графиті бар шойыннан жасалған түйірлер.

Түйірлер тиісті жабдық көмегімен ксилол арқылы жете майсыздандырылуы тиіс.

С.3.5 Кермек су.

С.3.6 Бөлек негізгі ерітіндіні дайындау қажет:

a) А ерітіндісі: CaCl2AH2O 40 г дистилдленген суда еріту және 1 л-ге дейін толтыру.

b) В ерітіндісі: MgSO4-7 H2O 44 г дистилдленген суда еріту және 1 л-ге дейін толтыру.

С.3.7 Көрсетілген негізгі ерітінділерден үш сұйылтылған ерітіндіні (се) дайындау қажет, атап айтқанда:

a) рр 1: А ерітіндісінің 2,90 мл + В ерітіндісінің 0,5 мл дистилдленген судың 1 л;

b) рр2: А ерітіндісінің 10,7 мл + В ерітіндісінің 1,7 мл дистилдленген судың 1 л;

c) рр3: А ерітіндісінің 19 мл + В ерітіндісінің 3 мл дистилдленген судың 1 л.

С.4 Сынақ процедуралары

С.4.1 Ерітінділерді дайындау (100 мл)

Сыйымдылығы 100 мл-ды құрайтын үш өлшегіш колбаға бірдей мөлшерлі сыналатын заттың сынамасын құю. Сыналатын заттың әрбір сынамасын әртүрлі кермектілікті су арқылы белгіге дейін сұйылту (С.3.7 бойынша дайындалған рр1, рр2 және рр3 ерітінділерін). Тап соны басқа да концентрациялармен қайталап жасау.

С.4.2 Түйірлер мен сүзгіштерді дайындау

Майсыздандырылған шойын және болат түйірлер тот шөгінділерінің бар болуына алдын ала байқалған болуы тиіс.

Диаметрі 40 мм майлы қаламмен сызылған бірорталықты шеңберлері бар сүзгілер жиынтығын дайындау қажет.

Магнитті-ұнтақты бақылаудың әрбір зат сынағы үшін мынадай заттарды дайындау қажет:

- Болат түйірлерін сынау үшін арналған 9 сүзгі (әртүрлі үш әртүрлі кермекті судың үш үлгілерден жасалған арттатын концентрациялары бар ерітінділер);
- Шойын түйірлерді сынау үшін арналған 9 сүзгі.

Түйірлер ұсақ бөлшектерді және шаң іздерін жою үшін елеуден өтуі тиіс.

Дайындалған сүзгілерді Петри табақшасына қою қажет. Әрбір сүзгіш шеңберінің ауданы бойынша (2 ± 0,1) г түйірді үлестіру қажет.

С.4.3 Коррозиға сынау

Біржолға қолдану үшін арналған тиісті ерітіндінің 2 мл пайдаланып әрбір табақшадағы түйірлерді жібітіп алу қажет. Осы процедура болат және шойын түйірлер үшін арналған әрбір ерітіндімен өткізілуі тиіс.

Сүзгіш қағаздың астында көпіршіктердің жоқ болуына көз жеткізу қажет, Петри табақшаларын жабу.

Табақшалардың бөлме температурасы (23±1) °С кезінде 2 с ± 10 мин ішінде азынақтан және күн сәулелерінен қорғалған жерде қалдыру қажет.

Белгіленген уақыт өткеннен кейін, түйірлерді сүзгіш қағазын аудару арқылы жою қажет.

Қағазға жабысып қалған түйірлерді жою үшін, оны көп мөлшерде бөтелке арқылы дистилленделген суменю шаю қажет.

Сүзгіш қағазын ацетонға екі рет батырып, кейін бөлме температурасы кезінде кептіру ұсынылған.

С.5 Нәтижелерді талдау

Оптикалық құрал-жабдықтарынсыз шаюдан және кептіруден кейін сүзгіш қағазында қалған коррозия іздерін тез арада байқау қажет. Талдау нәтижелерін бағалау С.1-суретін пайдалану және мөлдір қағаз торын (ауданы 1 мм) қолдану арқылы іске асырылуы тиіс.

4. қатты 3. орташа 2. әлсіз



1. іздер

0. жоқ

С.1-сурет - Коррозия іздерін бағалау

С.1-кесте - Сүзгіш қағазында қалған коррозия дақтарының градациясы

Сәйкестік	Мән	Бет сипаттамасы
0	Коррозия жоқ	Дақтар жоқ
1	Коррозия іздері	Диаметрі 1 мм құрайтын ең көп дегенде 3 дақ
2	Әлсіз коррозия	Беттің 1%-нан кем
3	Орташа коррозия	Беттің 1%-нан артық және 5%-нан кем
4	Коррозия күші	Беттің 5%-нан артық

С.6 Нәтижелерді жазып алу

Қиындықтар пайда болған жағдайда коррозия дәрежесін таңдау кезінде ең жоғары дәрежені таңдау қажет. Нәтижелер мынадай деректер ескерілуімен жазылып алынуы тиіс:

- сынақ үлгісін сәйкестендіру;
- зат концентрациясы мен су кермектілік мәні;
- сынақтар бойынша барлық қажетті анықтамалар;
- күні.

С.7 Тұрлаусыздық

Сынақ нәтижелері қолданушылығы мынадай факторларды негізге ала отырып бағалануы тиіс:

- қайталаушылық: бір оператормен бірдей жағдайларда өткізілген екі сынақ, егер екі өлшенген жұптың төрт мәні шәкілдің бір бірлігінен артық айырмашылығы жоқ болған жағдайда жарамды және дұрыс болып саналады;

- жаңғыртылу және нақтылық: екі түрлі зертханада баламалы жағдайларда өткізілген екі сынақ, егер бірдей аспаптардың көреткіштері шәкілдің бір бірлігінен артық айырмашылығы жоқ болған жағдайда жарамды және дұрыс болып саналады.

Библиография

[1] BS 3406-5:1983 Methods for determination of particle size distribution – Recommendations for electrical sensing zone method (the Coulter principle) (Түйірөлшемділік құрамын анықтау тәсілдері. Электр тоғына сезгіш аймақты қолдану арқылы Коултер әдісіне арналған ұсынымдар).

[2] EN 12157:1999 Rotodynamic pumps – Coolant pumps units for machine tools – Nominal flow rate, dimensions (Динамикалық сорғылар. Білдектерге арналған суытушы сорғы қондырғылары. Атаулы шығын, өлшемдер).

[3] ISO 3819:2015 Laboratory glassware – Beakers (Зертханалық шыны. Стақандар).

В.А қосымшасы
(ақпараттық)

В.А.1-кесте - Стандарттардың сілтемелік халықаралық стандарттарға сәкестігі туралы мәліметтер

Халықаралық, аймақтық стандарттарды, шет мемлекет стандартын белгілеу және атауы	Сәйкестік дәрежесі	Ұлттық стандартты, мемлекетаралық стандартты белгілеу және атауы
ISO 2160:1998 Мұнай өнімдері. Мыс коррозиялылығы. Мыс пластинкасына коррозиялық әсерін анықтау	IDT	ГОСТ ISO 2160-2013 Мұнай өнімдері. Мыс пластинкасына коррозиялық әсерін анықтау
ISO 3059:2012 Бұзбай бақылау. Өтімді заттармен бақылау әдісі және магнитті-ұнтақты әдіс. Қарау параметрлері)	IDT	ҚР СТ ISO 3059-2014 Бұзбай бақылау. Өтімді заттармен бақылау әдісі және магнитті-ұнтақты әдіс. Қарау шарттары
ISO 4316:1977 Беттік белсенді¬ заттар. Су ерітінділерінің pH анықтау. Потенциометриялық тәсіл	IDT	ҚР СТ ISO 4316-2014 Беттік-белсенді заттар. Су ерітінділерінің pH анықтау. Потенциометриялық тәсіл
ISO 9934-1:2016 Бұзбай бақылау. Магнит ұнтақты дефектоскопия. 1-бөлім: Жалпы ережелер	IDT	ҚР СТ ISO 9934-1-XXXX* Бұзбай бақылау. Магнитті-ұнтақты бақылау. 1-бөлім. Жалпы ережелер
ISO 9934-3:2015 Бұзбай бақылау. Магнитті-ұнтақты бақылау. 3-бөлім. Жабдық	IDT	ҚР СТ ISO 9934-3-XXXX* Бұзбай бақылау. Магнитті-ұнтақты бақылау. 3-бөлім. Жабдық
EN 1330-2:1998 Бұзбай бақылау. Терминология. 2-бөлім: Бұзбай бақылаудың барлық әдістеріне қолданылатын терминдер	IDT	ҚР СТ EN 1330-2-2013 Бұзбай бақылау. Терминология. 2-бөлім: Бұзбай бақылаудың барлық әдістеріне қолданылатын терминдер
EN 10204:2004 Металлды бұйымдар. Қабылдау бақылауына арналған құжаттар типтері	IDT	ҚР СТ EN 10204-2012 Металлды бұйымдар. Қабылдау бақылауына арналған құжаттар типтері
* Жоба әзірлеу сатысында		

В.А.2-кесте –Ұлттық стандарттардың басқа жылы басылып шығарылған сілтемелік халықаралық стандарттарға сәйкестігі туралы мәліметтер

Халықаралық сілтемелік стандартты белгілеу және атауы	Халықаралық стандартты белгілеу және атауы	Сәйкестік дәрежесі	Ұлттық стандартты белгілеу және атауы
ISO 2591-1:1988 Екшеп талдау. 1-бөлім: Сым матадан және тесілген металл табақтардан жасалған бақылау елеуіштерін қолдану арқылы тәсілдер	СТБ ИСО 2591-1-2000 Екшеп талдау. 1-бөлім: Сым матадан және тесілген металл табақтардан жасалған бақылау елеуіштерін қолдану арқылы тәсілдер	IDT	ГОСТ ИСО 2591-1-2002 Екшеп талдау. 1-бөлім: Сым матадан және тесілген металл табақтардан жасалған бақылау елеуіштерін қолдану арқылы тәсілдер
EN 1330-1:2014 Бұзбай бақылау. Терминология. 1-бөлім: Жалпы терминдер тізімі	EN 1330-1:1998 Бұзбай бақылау. Терминология. 1-бөлім: Жалпы терминдер тізімі	IDT	ҚР СТ EN 1330-1-2013 Бұзбай бақылау. Терминология. 1-бөлім: Жалпы терминдер тізімі

ӘОЖ 620.179.141:620.191.33:006.354(574) **МСЖ 19.100** **(IDT)25.160.40**

Түйін сөздер: бұзбай бақылау, магнитті-ұнтақты дефектоскопия, дефектоскопияға арналған материалдар, магнитті сия, сынақ.

НАЦИОНАЛЬНЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Контроль неразрушающий

МАГНИТОПОРОШКОВЫЙ КОНТРОЛЬ

Часть 2

Материалы для дефектоскопии

СТ РК ISO 9934-2-2017

(ISO 9934-2:2015 Non-destructive testing – Magnetic particle testing – Part 2: Detection media, IDT)

Издание официальное

Комитет технического регулирования и метрологии Министерства индустрии и новых технологий Республики Казахстан (Госстандарт)

Астана

Предисловие

1 ПОДГОТОВЛЕН И ВНЕСЕН Товариществом с ограниченной ответственностью «Стройинжиниринг Астана»

2 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ Приказом Председателя Комитета технического регулирования и метрологии Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 10 ноября 2017 года №312-од

3 Настоящий стандарт идентичен международному стандарту ISO 9934-2:2015 Non-destructive testing – Magnetic particle testing - Part 2: Detection media (Контроль неразрушающий. Магнитопорошковый контроль. Часть 2. Материалы для дефектоскопии).

Международный стандарт ISO 9934-2 разработан Европейским Комитетом Стандартизации (ЕКС), Технический комитетом CEN/TC 138 «Неразрущающий контроль», совместно с ISO Техническим Комитетом 135 «Неразрущающий контроль», Подкомитет SC 2 «Поверхностные методы», в соответствии с Соглашением о техническом сотрудничестве между ISO и CEN (Венское соглашение).

Перевод с английского языка (en).

Официальные экземпляры нормативных документов, на основе которых подготовлен (разработан) настоящий стандарт и на которые даны ссылки, имеются в Едином государственном фонде нормативных технических документов.

Сведения о соответствии стандартов ссылочным международным стандартам, приведены в дополнительном приложении В.А. В разделе «Нормативные ссылки» и тексте стандарта ссылочные международные стандарты актуализированы.

Степень соответствия – идентичная (IDT).

4 В настоящем стандарте реализованы положения Закона Республики Казахстан «О техническом регулировании» от 9 ноября 2004 года № 603-II, Закона Республики Казахстан «О гражданской защите» от 11 апреля 2014 года № 188-V, ТР ТС 010/2011 «О безопасности машин и оборудования», утвержденного Решением Комиссии Таможенного союза от 18 октября 2011 года № 823, ТР ТС 032/2013 «О безопасности оборудования, работающего под избыточным давлением», утвержденного Решением Совета Евразийской экономической комиссии от 2 июля 2013 года № 41.

5 СРОК ПЕРВОЙ ПРОВЕРКИ **2024 год**
ПЕРИОДИЧНОСТЬ ПРОВЕРКИ **5 лет**

6 ВВЕДЕН ВПЕРВЫЕ

